

## Бір жолғы талондардың құнын белгілеу туралы

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 182 шешімі. Қостанай облысы Қостанай ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 25 мамырда № 9-14-108 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 75 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2012.12.20 № 75 шешімімен.**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының "Салықтар және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдер туралы" Кодексі (Салық кодексі) әрекетке енгізу туралы" Заңының 36-бабына, Қостанай ауданы бойынша салық басқармасының 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 39-08-ӨеТБ/1610 хатына сәйкес мәслихат **ШЕШТІ:**

1. Дүркін-дүркін сипаттағы қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар бір жолғы талондар құны 1-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2010.10.22 № 350 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) шешімімен.**

2. Базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға бір жолғы талондар құны 2-қосымшаға сәйкес белгіленсін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2010.10.22 № 350 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) шешімімен.**

3. Мәслихаттың 2009 жылғы 16 қаңтардағы № 140 "Бір жолғы талондардың құнын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 9-14-101 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 27 ақпандағы "Көзқарас-Взгляд" газетінде жарияланды) шешімінің күші жойылды деп т а н ы л с ы н .

4. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қостанай аудандық  
мәслихатының кезекті  
сессиясының төрағасы Ю. Чеховский

Қостанай аудандық  
мәслихатының хатшысы Н.Төлепов  
КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы  
қаржы Министрлігінің  
салық комитеті Қостанай  
облысы бойынша салық  
Департаментінің Қостанай  
ауданы бойынша салық  
басқармасы" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы  
Б. Сулейменов

2009 жылғы 24 сәуірде

Қостанай ауданы әкімдігінің  
"Қаржы бөлімі" мемлекеттік  
мекемесінің бастығы  
В. Осадчая

2009 жылғы 24 сәуірде

Мәслихаттың  
2009 жылғы 21 сәуірдегі  
№ 182 шешіміне 1-қосымша

**Дүркін-дүркін сипаттағы қызметтерді жүзеге  
асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары,  
оралмандар бір жолғы талондар құны**

**Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қостанай ауданы  
мәслихатының 2010.10.22 № 350 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он  
күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) шешімімен.**

Рет саны	Қызмет түрлері	Талондардың теңгедегі құны	
		нарықтың 2-санаты	нарық сыртында
1	Өткізу (стационарлық үй-жайда жүзеге асырылатын қызметтерді қоспағанда):		
1)	газеттер мен журналдарды;	80	80

2)	тұқым, сондай-ақ отырғызылатын материалды (екпелер, көшет);	80	80
3)	бақша дақылдарын;	150	150
4)	саяжайларда және үй маңындағы учаскелерде өсірілген табиғи гүлдерді;	80	80
5)	қосалқы ауыл шаруашылық өнімдерін	250	250
6)	бағбандық, бақшашылық және саяжай учаскелерінің өнімдерін;	150	150
7)	мал және құс азықтарын;	50	50
8)	сыпыртқылар, сыпырғылар;	50	50
9)	орман жидегін, саңырауқұлақ, бал, балық.	80	80
2	Жер учаскелерін өңдеу жөніндегі жеке трактор иелерінің көрсететін қызметі		200
3	Үй жануарлары мен құстарды бағу.		210

М ә с л и х а т т ы ң

2 0 0 9 ж ы л ғ ы 2 1 с ә у і р д е г і

№ 182 шешіміне 2-қосымша

**Базар аумағындағы дүңгіршектердегі, стационарлық үй-жайлардағы (оқшауланған блоктардағы) сауданы қоспағанда, базарларда тауарлар өткізу, жұмыстар орындау, қызметтер көрсету жөніндегі қызметтерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматтары, оралмандар, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға бір жолғы талондар құны**

**Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Қостанай ауданы мәслихатының 2010.10.22 № 350 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) шешімімен.**

Рет саны	Қызмет түрлері	Талондардың
		тенгедегі құны
		нарықтың 2-санаты
1	Сүт өнімдерін (сүт, қаймақ, сүзбе, май мен салат) өткізу;	90
2	Жұмыртқа өткізу;	100
3	Шекілдеуік өткізу;	50
4	Салттық қызмет (гүлдесте, табыт, ескерткіш, шарбақ әзірлеу, жерлеу);	60
5	Тірі құсты, төлді өткізу;	150

6	Көкөніс пен жемісті, жаңғақтық барлық түрін өткізу;	130
7	Шұжық, сүрленген, ірімшік өнімдерін өткізу;	150
8	Азық түлік (ұн, қант, жарма, консерві, дәмдеуіштер) өткізу	150
9	Ұннан пісірілген бұйымдарды өткізу;	80
10	Тәтті тағам тауарларын өткізу;	150
11	Аралас өнеркәсіп тауарларын (күрделі-тұрмыстық техника, автокөліктің ауыл шаруашылық қосалқы бөлшектері, автокөлік резинасы, кілем бұйымдары, киім, аяқ киім, былғары галантереясы, жиһаз, есік, терезелер, алтын мен күмістен бұйымдар, бижутерия, кеңсе тауарлары) өткізу;	200
12	Құрылыс материалын (сантехника, құрылыс қоспалары, кафелдік плитка, фурнитура) өткізу;	120
13	Тұрмыстық химияны (жуғыш және дезинфекциялау құралдары) өткізу;	200
14	Шаруашылық тауарларын (ыдыс және жабдықтар) өткізу;	150
15	Машинадан өткізу: ағаш, отын, шөп, кебек, астық қалдығы, құнарлы жер.	200
16	Ақылы қызмет (дәретхана, жүк тиеуші, шабушы, қыдыртпа сауда).	60

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК